

Кентау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 246 "Қалалық коммуналдық меншік туралы" қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 12 қаңтарда N 14-3-105 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 31 қазандағы N 331 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2011.10.31 N 331 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қалалық коммуналдық меншік туралы" Кентау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 246 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-3-77 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 19 қыркүйегінде "Кентау шұғыласы" газетінің 39 нөмірінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:
"б) Білім, мәдениет және дене шынықтыру мекемелері мүлкін жалға беру."; көрсетілген қаулымен бекітілген қалалық коммуналдық мүлкін мүлдік жалға (жалдауға) беру жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасындағы: Жалға беру ақысының мөлшерін анықтауда қолданылатын жоғарылату коэффициентінің 1-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **М . Қ о н ы с о в қ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н.Қалмұрзаев